

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің жанындағы 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Тажибаева Карлыгаш Нартбаевнаның «Шымкент қаласында еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруын ерте анықтаудың медициналық және ұйымдастырушылық технологияларын жетілдіру» тақырыбындағы диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының

## СТЕНОГРАММАСЫ

Түркістан қаласы

21 қазан 2017 жыл

### ХАТТАМА №6

**Диссертациялық кеңеске төрағалық етуші** – төраға міндетін атқарушы медицина ғылымдарының докторы, профессор Каусова Галина Калиевна.

Диссертациялық кеңестің галым хатшысы - медицина ғылымдарының кандидаты Бақаева Кумисай Сабетовна

**Төрағалық етуші:** Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері, құрметті әріптестер және қатысушылар! Бұғын диссертациялық кеңестің келесі отырысын откіземіз. Кеңестің сегіз мүшесінен келу парағына сәйкес сегіз адам қатысып отыр, олардың қатысу саны үштен екісінен кем емес:

Диссертациялық кеңестегі мүшелер саны – 9 адам.

Қатысқаны – 8 адам.

1) Кеңес төрағасының міндетін атқарушы медицина ғылымдарының докторы, профессор Каусова Галина Калиевна, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық сақтау», 14.00.06 – «Кардиология»;

2) Галым хатшы медицина ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Бақаева Кумисай Сабетовна, 14.00.36 - «Аллергология және иммунология»;

3) Булешов Мырзатай Абильдаевич медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;

4) Молдалиев Икилас Сұйнұкович медицина ғылымдарының докторы, профессор 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;

5) Бектурганов Рамазан Сейдахметович медицина ғылымдарының докторы, профессор 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;

6) Тащев Ибраһим Ақжолович медицина ғылымдарының докторы, профессор 14.00.27 – «Хирургия»;

7) Курманова Гаухар Медеубаевна медицина ғылымдарының докторы, профессор 14.00.36 – «Аллергология және иммунология», 14.00.10 – «Инфекциялық аурулар».

8) Жаксыбергенов Абай Маратович медицина ғылымдарының докторы, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»;

Диссертациялық кеңестің отырысын дәлелді себептермен медицина ғылымдарының докторы, профессор Бапаева Гаури Биллахановна қатыса алмады.

Диссертациялық кеңестің отырысын жүргізу үшін кворум бар. Сондықтан диссертациялық кеңестің жұмысын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университетінің жаңындағы 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша ашық деп жариялаймыз.

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ

**Төрағалық етуші:** Диссертациялық кеңестің мүшелері күн тәртібінде Тажибаева Қарлығаш Нартбаевнаның «Шымкент қаласында еңбек ету жасындағы түрғындар арасында қатерлі ісік ауруын ерте анықтаудың медициналық және ұйымдастырушылық технологияларын жетілдіру» тақырыбындағы 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену диссертациясының қорғауы. Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университетінде орындалды.

### Ғылыми кеңесшілері:

Булешов Мырзатай Абильдаевич – м.ғ.д., профессор, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы «Қоғамдық денсаулық сақтау» кафедрасының меңгерушісі. Қазақстан Республикасы.

Молдалиев Икилас Сүйндикович – м.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті; медицина бойынша ғылыми-зерттеу институтының директоры. Қазақстан Республикасы.

### Шетелдік ғылыми кеңесші:

Гржибовский Андрей Мечиславович – MD, PhD доктор, профессор; Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау институтының шетелдік аға кеңесшісі. Осло қ. (Норвегия).

### Ресми рецензенттер:

Керимбаева Закира Амировна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»; Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының «Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология» кафедрасының менгерушісі.

Екінші рецензент Рәтбек Сайлаубекұлы – медицина ғылымдарының кандидаты, 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»; РММ «Шымкент обаға қарсы күрес станция» басшысы.

Диссертация алғашқы рет қорғалып тұр.

**Төрағалық етуші:** Ізденушінің жеке іс құжаттарын жариялауы үшін диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Бабаева Кумисай Сабетовнаға сөз беріледі.

Аса құрметті Диссертациялық кеңестің төрайымы! Құрметті диссертация

кеңесінің мүшелері!

Тажибаева Карлыгаш Нартбаевнаның жеке ісінде ҚР Білім және Фылым Министрлігінің Білім және Фылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сәйкес тізім бойынша барлық құжаттары бар. Докторанттың барлық құжаттары сәйкес мерзімінде тапсырылған. Мінездемесімен таныстыруға рұқсат етініздер.

Тажибаева Карлыгаш Нартбаевна 1986 жылы дүниеге келген.

2009 жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясын «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бітірген.

2010-2011 жылдары Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясында «Акушер-гинеколог» мамандығы бойынша интернатураны өткен.

2010-2012 жыл аралығында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясындағы магистратура бөлімінде 6M110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша «Қоғамдық денсаулық сақтау» магистр дәрежесіне ие болды.

2014-2017 жылдары Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD-докторантурада оқыды.

Ғылыми кеңесшілер: Медицина ғылымдарының докторы, профессор Булешов Мырзатай Абильдаевич.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Молдалиев Икилас Сүйндикович.

Шетелдік ғылыми кеңесші: Медицина ғылымдарының докторы, профессор Гржибовский Андрей Мечиславович Норвегия (Осло қ.).

«Шымкент қаласында еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында катель ісік ауруын ерте анықтаудың медициналық және ұйымдастырушылық технологияларын жетілдіру» тақырыбы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы, ғылыми кеңесшілері және шетелдік ғылыми кеңесшісі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2016 жылғы 26 ақпанның №4 хаттамасымен Сенат мәжілісінде бекітілді.

Диссертация тақырыбы бойынша 17 ғылыми еңбегі жарияланған. Соның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынылған ғылыми баспаларда 7 мақаласы, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда 2 ғылыми мақала, Отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3 ғылыми еңбегі, Халықаралық шетелдік ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 4 мақала мен тезис түрінде ғылыми баспаларда жарияланды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша 1 оқу құралы әзірленіп жарық көрді.

Докторант жеке іс құжатында: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Кафедраарлық Ғылыми-

координациялық кеңестің төрағасы, доцент Н.А. Жуманазаровтың қолымен расталған, оң мәнді шешім берілген және диссертациялық жұмыс ашық қорғауға ұсынылған. Медицина саласы бойынша Салааралық координациялық ғылыми-техникалық кеңестің оң шешімі №8 хаттамасымен 30.07. 2017ж. бекітілген. Оң шешімде диссертациялық жұмыстың алға қойған мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, негізгі ұсынылған тұжырымдары, қорытындылары, берілген ұсыныстары көрсетілген.

Докторанттың жеке іс құжатында диссертациялық жұмысқа келесі ресми рецензенттердің пікірлері берілді.

Керимбаева Закира Амировна – м.ғ.д., профессор, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының «Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология» кафедрасының менгерушісі.

Рәтбек Сайлаубекұлы – м.ғ.к., РММ «Шымкент обаға қарсы курес станция» басшысы.

Докторанттың диссертациясы Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының салыстырмалы тексеру сараптамасынан өтіп, нәтижесінде диссертацияның «ҰМFTCO» қорымен сәйкестігі анықталмады.

Солай етіп Тажибаева Карлыгаш Нартбаевна жеке іс құжатында:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми дәрежелерін беру қагидаларына, таланттарына сайкес барлық қажетті құжаттары бар.

Назарларынызға раҳмет!

**Төрағалық етуші:** Ізденушінің жеке іс құжаттары бойынша сұраптар бар ма?

**Кеңес мүшелері:** Сұраптар жоқ.

**Төрағалық етуші:** Диссертацияның негізгі мазмұнын баяндау үшін Тажибаева Карлыгаш Нартбаевнага сөз беріледі. Сізге диссертациялық жұмыстың негізгі мазмұнын баяндау үшін **20 минут** беріледі.

**Ізденуші - Тажибаева К.Н.:** Диссертациялық жұмыс бойынша негізгі тұжырымдары мен қорытындыларын баяндады (*Баяндама тіркелген*).

**Төрағалық етуші:** Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері және қатысушылары, ізденуші Тажибаева Карлыгаш Нартбаевнага өткізген зерттеуі бойынша негізгі тұжырымдары мен қорытындыларына баяндама жасады, сұраптарының болса, сөз кезегі сіздерде.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Бектурганов Рамазан Сейдахметович, өтінеміз.

**Бектурганов Р.С.:** Құрметті диссертант Карлыгаш Нартбаевна!

1. Бірінші сұрап: Сіз баяндамацыздың бастамасын онкологиялық аурулар әлеуметтік маңызы бар аурушаңдыққа жататынын мәлімдедіңіз, осыны

теренірек түсіндіріп өтсөніз, не себептен әлеуметтік маңызы бар ауруларға жатады?

2. Екінші сұрағым: Сіз зерттеу барысында көптеген статистикалық зерттеу әдістерді қолданғандығын айтып өттіңіз, осы қолданған әдістердің соңғы нәтижеге жету үшін ең маңыздысына тоқталып өтінізші, қай әдіс статистикалық әдістердің ішінде?

3. Үшінші сұрақ: Баяндама барысында, саулнама жүргізу барысында анықталғандай дәрігерлердің қағазбастылығын анықтау мақсатында казіргі таңда Сіз 50% дейін дәрігерлердің уақыты осыған кететінін айтып отырыз, осыған қандай ұсыныстар енгізіп жатырысыздар? Ал жалпы Қазақстанда денсаулық сақтау саласында қандай ұсқыныстар енгізіліп жатыр, Сіздің оған қосқан қандай үлесініз бар, дәрігерлердің қағаз бастылығын азайту мақсатында? Бұл тақырып ел басының да назарында, осыған байланысты қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр? Рахмет!

**Ізденуші - Тажибаева К.Н.:** Қойған сұрақтарыңызға рахмет! Рамазан Сейдахметович жауап беруге рұқсат етіңіз.

Бірінші сұрағыңыз бойынша онкологиялық аурулар неліктен әлеуметтік маңызды ауруларға жатады. Онкологиялық аурулар біздің зерттеу барысында да анықталғандай және біздің алдымызда жүргізілген зерттеулерде де анықталған, яғни онкологиялық аурулармен ауыратын науқастардың 40-60% жуығы ол әлеуметтік жағдайы тәмен отбасылар көбірек ауыратыны анықталған, сондықтан бұл бір себебі болып табылатын болса жәнеде бұл казіргі таңда онкологиялық аурулар осы қоғамның арасында әлеуметтік жағдайы тәмен тұрғындар арасында жоғарылауда, сондықтан қазіргі таңда бұл әлеуметтік маңызы өте жоғары аурулар қатарына кіреді жәнеде бұл аурулардан соңғы он жылда өлім-жітім денгейімен аурушаңдық көрсеткіші өсуде.

**Бектурганов Р.С.:** Қай бұйрықта көрсетілген?

Бұл Қазақстан Республикасының онкология саласында КР халқына онкологиялық көмек көрсетуді үйімдастыру стандартын бекіту атты №452 бұйрығы бар, сол бұйрықта жазылған және бұдан бөлек Қазақстан Республикасының «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы мен «Денсаулық» бағдарламасында да көрсетілген.

Екінші сұрағыңызға байланысты біз зерттеу барысында ең басты деп және көрнекті деп айтalamыз - ол стандарттау тәсілі, сосын 95% сенім интервалы, ол 95% сенім интервалын қолданғанда яғни аурушаңдықтың өлім-жітімнің немесе әсер етуші факторлардың қаншалықты пайыз арасында кездесетінін білдіреді, оның тәменгі және жоғарғы көрсеткіштері болады және оны есептегенде 5 % -ғана қателіктердің кетуін көрсетеді, сонымен қатар біз мүмкіндіктер қатнасын қолдандық, бұл мүмкіндіктер қатнасы регрессионды анализ арқылы есептелінеді, және бұл мүмкіндіктер қатнасында біз көбнесе әсер етуші факторларды анықтауда қолдандық.

Үшінші сұрағыныз бойынша дәрігерлердің арасында қазіргі таңда құжаттармен көп жұмыс жасауына байланысты, науқастар дәрігерлердің алдына келгенде уақыттың жеткіліксіз болуы туралы қойдыныз. Сауалнаманы науқастарға және аймақтық дәрігерлерге жүргізген кезде де олардың 50 %-ға жуық науқастар алдымыздың келгенде біз олардың шағымын тындаудан көрі іс-құжаттарды көп толтырамыз - деп осындай кемшілік тұстарын көрсетті. Ал енді осындай туындалып отырған мәселені алдын алу үшін жәнеде оны барынша осындай іс құжатты толтыруды төмендешу үшін біздің тарарапымыздан Қазақстан Республикасында әр бір тұрғынның емханага тіркелген карталары электронды жүйеде енгізілген, ал бірақ ол казір жаппай іске қосылп жатқан жоқ, қала емханаларында жұмыс істейді, ал аудан емханаларында әле толығымен енгізілмеген. Бірақ бұл болашақта алдымызда 2-3 жылда толық электронды вариянт жүзеге асырылады. Ал біздің тарарапымыздан ұсынылып отырған ұсынысымыз бұл мынау қатерлі ісік алды ауруларын арнайы анықталған кездегі анамнезін арнайы регистрғе кім оны анықтайтын аймақтық дәрігерма немесе жалпы көмек көрсетуші дәрігерма, бірінші бастапқы медициналық көмек көрсетуші дәрігерлерма сол регистрғе енгізуін ұсынып отырмыз. сонда қандай да дәрігердің алдына науқас келгенде электронды жүйеде оның бүкіл анамнезі дәрігерге мәлім болып отырады.

**Бектурганов Р.С.:** Бұл жүйе ОҚО қашан іске асады?

Бұл жүйені мен Обылыстық онкологиялық диспансердің басшысына өзім жеке кіріп ұсынысымдың білдірдім, ол маған жауап ретінде қазір бұл ұсыныс жедел ендірілмейді, өйткені регистр жүйесін бақылайтын Астана қаласындағы Денсаулық сактау министрлігі бар, сол министрлікке ұсыныстар беріліп, қарастырылуы қажет, егер олар макұлдайтын болса іске асырылуының болатынына жауап берді.

**Төрағалық етуші:** Құрметті Рамазан Сейдахметович сұраққа қанағаттандының ба?

**Медицина ғылымдарының докторы, профессор Бектурганов Р.С.:** Ия қанағаттаным, рахмет!

**Төрағалық етуші:** Тағы да қандай сұрақтарының бар?

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Ташев Ибрагим Акжолович, өтінеміз.

**Ташев И.А.:** Тәжірибелік сұрақ коямын, бірінші мынау дәрігерлерге сауалнама жүргізілгенде науқасты қабылдайтын уақыттың аздығына шағымданды дедіңіз, сол уақытты, бір аурды қабылдау үшін қанша уақыт бөлген жеткілікті деп ойлайсыз? Бірінші сұрақ.

Екінші сұрақ: Аймақтық дәрігерлердің онкология саласынан біліктілігінің төмендігін айттының, біз дәрігерлерді білімін жетілдіруге тағы басқа оқу курстарына жібереміз, дегенімен осыған қарамастан бұл жүйедегі дәрігерлерде әлі білім жетілдіру қажеттілігі бар, осыған байланысты өзіміздің жергілікті

жерде оларды қандай жолмен білімін жетілдіруге болады, осыған қандай ұсынысыңыз бар?

Үшінші сұрақ: Менімше негізгі сұрақ, науқастар арасында онкологиялық қырағылықтың жоқтығы болып тұр, көбнese онкологиялық ауру анықталынып қалама деп тексеруге бармауы, онкологиялық қырағылықтың төмен деңгейде екенін көрсетіп отыр, осы мақсатта санитарлық ағартушылық жұмыстан басқа тағы қандай жұмыстар жүргізуге болады? Рахмет!

**Іздешуші - Тажибаева К.Н.:** Қойған сұрағыңызға рахмет Ибрагим Ақжолович, жауап беруге рұқсат етіңіз. Бірінші сұрағыңыз бойынша дәрігерлердің алдына науқас келгенде қабылдайтын уақыты және оны барынша қанша уақытқа ұзартуга болады. Қазіргі таңда дәрігердің алдына келген науқасқа 15 минут берілген, ал бірақ бұл уақыт онкологиялық науқастарға жеткіліксіз болғанын біз зерттеу барысында анықтап отырмыз. Сондықтан біз бұндай науқастарға 20-25 минут көніл бөлуін ұсынамыз.

Екінші сұрағыңыз бойынша бастапқы медициналық дәрігерлердің, аймақтық дәрігерлердің арасында онкологиялық біліктіліктің төмендігін анықтадық, ал бұл тұрғыда мен №452 бұйрыққа сүйене отырып жауап бергім келеді. №452 бұйрық бойынша қазіргі таңда іске асырылып жатқан бұйрықта жазылғандай аймақтық дәрігерлер ол жанағы терапевттер және жалпы тәжірибелік дәрігерлер қатерлі ісік алды ауруларын анықтап диспансерлік есепке алып олардың емделуін қадағалайтын осы бастапқы медициналық көмек көрсетуші дәрігерлерге, ал қатерлі ісік анықталғаннан кейін оны онкологқа жолдап, әрі қарай онкологиялық ауруларды емдейтін ол онколог деп жазылып көрсетілген. Ал енді біз осы тұрғыда біздің ұсынып отырған ұсынысымыз бар. Біз бұл тұрғыда «Топтық жұмыс істеу» деп аталатын арнайы алгоритм құрастырдық, сол алгоритмде көрсеткендей топтық жұмыста аймақтық дәрігер, онколог, психолог, әлеуметтік қызыметкер бірге жұмыс істеуін ұсунып отырмыз, өйткені қатерлі ісік алды ауруларын қазіргі таңда бастапқы медициналық көмек көрсетуші дәрігерлер дер кезінде анықтай алмауда, сондықтан осы топтық жұмысты ұсынып отырмыз және де осы бастапқы медициналық көмек көрсетуші дәрігерлерге осы өнірде еш қайда бармайык ОҚО облыстық онкологиялық диспансерде оқу курсарын ұйымдастыруды ұсынып отырмыз, ол оқу курсары қалай ұйымдастырылу қажет. Біз оныңда жолын көрсетіп отырмыз. Қазіргі таңда ОД жұмыс істейтін әр-бір дәрігерлерді қалалық, аудандық емханаларға куратор дәрігерлер ретінде тіркеген, осыған байланысты біз әр тоқсан әйелдер ОД дәрігерлері емханадағы дәрігерлерге лекция оқуды, мастер класс өткізуді, және де қандайда бір қын мәселелер туындалып жатса, осы мәселені шешуге консилиумға шақыруға міндеттендіру керектігін ұсындық. Қазіргі таңда бұл міндеттенбеген, жай гана тіркеліп қойылған, ОД дәрігерлері емханаларға барып мен осы емхананың кураторымын деп айтпайды. Сондықтан бұл жүйені міндеттендіріп ішкі бұйрық шығаратын болса бұл іс-шара жүзеге асырылатын болады.

Үшінші сұрақ бойынша науқастар тарапынан онкологиялық ауруларды алдын алу үшін біз үлкен ұсынысымыз бар. Бұл ұсыныс «Онко қоңырау» деп аталады, бұл онко қоңырау атты жаңа жоба әле еш бір жерде жұмыс істемейді, біз бұл жобаны бірінші рет ұсынып отырмыз. «Онко қоңырау» атты жобада онколог дәрігер, психолог, зангер, әлеуметтік қызметкер жұмыс істеу керек. Бұл жобада арнай нөмір халықтың арасында тарқатылу қажет, сол нөмірге қарапайым халық, дәрігерге барғысы келмейтін адамдар сол нөмірге звондап өзінің жан дүниесін, өзінде болып жатқан шағымды айтып, қалай онколог дәрігерге қаралу жолдарын сұрайды жәнеде қазіргі таңда науқастар онкологиялық аурулармен ауырса өздерінің ауруларын айтқысы және жариялағысы келмейді, сондықтан біз осындай тұрғыда 2-3 жеке клиникалардың ОД бірге жұмыс істеуін ұсынып отырмыз, егер өзінің ауруын жариялағысы келмейтін аурулар болса, олар ОД емес жеке клиникаға барып қаралуын ұсынып отырмыз. Ол клиникада да мықты онколог мамандар жұмыс істеу қажет. Енді бұл жоба қаражат жағынан жәнеде қосымша мамандарды талап етеді, бұл жобаны жүзеге асыруға мүмкіндіктер болмай тұр.

**Төрағалық етуші:** Құрметті Ибрагим Акжолович, сұраққа қанағаттандыңыз ба?

**Медицина ғылымдарының докторы, профессор Ташев И.А.:** Ия қанағаттандым, рахмет!

**Төрағалық етуші:** Тагы да қандай сұрақтарыңыз бар?

**Төрағалық етуші:** Медицина ғылымдарының докторы, Жаксыбергенов Абай Маратович өтінеміз.

**Жаксыбергенов А.М.:** Құрметті диссертант Карлыгаш Нартбаевна!

Біраз сұрақтар бар, бірақ қысқартып қойяйын, бірінші сұрақ қазіргі таңда онкологиялық аурулар әлеуметтік аурулар қатарына кіреді, сондықтан бұл аурудың өзі қазіргі таңда жасарып жатыр, қаншалықты бұл аурулар жасарып баражатыр?

Екінші сұрақ: осы онкологиялық жұмыстың сапасын анықтау үшін, диспансерлік жұмыстың сапасын анықтау үшін қандай өзекті ұсынысыңыз бар?

Үшінші сұрақ?: практикалық тұрғыда көп сұрақтар қойылды соның бірі Сіздің мынау диссертацияңыздың ішінде невус, меланома ауруы 77,3% құрап отыр, Бұл қаншалықты деректі, өйткені қазіргі кезде өздеріңіз байқағандай косметология жағы жақсы дамып жатыр, сондықтан денеге шықкан қалды ісінсе, қызарса ғана онкологияға баруды ұсыныс жасаушы едік, қазір бұл жағынан онкологияға қалы бар адамдардың келуі көп, осы қалдарды алғанның нәтижесінде асқынулар болып онкологияға айналып кетіп жатыр ма? осы сұрақты түсіндіңіз бе?

**Ізденуші - Тажибаева К.Н.:** Сұрақтарыңызға рахмет, Абай Маратович. Жауап беруге рұқсат етіңіз. Бірінші сұрағыңыз бойынша қаншалықты деңгейде

тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруының жасаруы анықталынып жатыр, Дүниежүзілік денсаулық сақтау берген ұйымының мәліметі бойынша, қатерлі ісік ауруының еңбекке қабілетті тұрғындары арасында кездесу жиілігін айтатын болсақ ол 30 жаспен 47 жас аралығы деп беріп отыр, ал пайыздық көрсеткішіне тоқталсақ ол Дүниежүзі бойынша еңбекке қабілетті жастағы тұрғындардың 47%-ы онкологиялық аурулармен ауырады. Ал біздің Қазақстанда 42% еңбекке қабілетті жастағы науқастар қатерлі ісікпен ауырады. Оның жас аралығын көрсететін болсақ ол 25-30 дан 62-64 жас аралығына дейінгі науқастар.

Келесі сұрағыңыз бойынша: Онкология тарапына осы еңбегіміздің нәтижесінде берген қандай ұсынысыңыз бар, біз қатерлі ісік алды ауруларының қазіргі таңда өте төмен деңгейде анықталынып жатқанын байқадық, сондықтан біз аймактық дәрігерлерге, онколог дәрігерлерге қатерлі ісік алды ауруларының заманауи алгоритмін қамтыған оқу құралын ұсынып отырмыз. Бұл оқу құралы қазіргі таңда Шымкент қалалық емханаларда жүзеге асырылуда, қолдануда.

Ушінші сұрағыңыз бойынша: Қазіргі таңда, қатерлі ісік яғни терінің қатерлі ісігі осыдан жеті жыл бұрын 8-9 рангілік орында тұрған ал қазіргі таңда терінің қатерлі ісігі 4 – ші рангілік орында тұрады. Бұл мынау қатерлі ісік алды ауруларының қатерлі ісікке өте жоғары деңгейде айналып жатыр деген сөз, Меланома қауыпты невустар болады және меланома қауыпсыз невустар болады, сол меланома қауыпты невустар қазіргі таңда өте жоғары жиілікте қатерлі ісікке айналып жатыр. Бұл невустың үлкен болуына қарамайды, кішкентай ғана меланома қауыпті невус уақтысында анықталынып емделмесе оның қатерлі ісікке айналып отыр. Ал қалдарды алғаннан кейін асқынуладың кездесуі сапасыз емделумен және кері әсер етуші факторлардың шектен тыс әсер етуі болып анықталды. Бұл тұрғыда біз арнайы алгоритм құрастырдық меланома қауыпты невуска бөлек және меланома қауыпсыз невуска бөлек ол оқу құралында қамтылған.

**Торағалық етуші:** Құрметті Абай Маратович сұраққа қанағаттандыңыз ба?

**Медицина ғылымдарының докторы, профессор Жақсыбергенов А.М.:** Ия қанағаттандым, рахмет!

**Торағалық етуші:** Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері, ізденушіге қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

**Кеңес мүшелері:** Жеткілікті сұрақ қойылды, сұрақ жоқ.

**Торағалық етуші:** Егер басқа сұрақтар болмаса, соз кезегі реєстри рецензентке м.ғ.д., профессор, (14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау»), Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясының «Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология» кафедрасының менгерушісі Керимбаева Закира Амировнаға беріледі. Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы.

### **Ресми рецензент м.ғ.д., профессор, Закира Амировна.**

Аса құрметті диссертация кеңесінің төрайымы құрметті диссертация кеңесінің мүшелері! Сіздердің назарларыңызға 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «Шымкент қаласында еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруын ерте анықтаудың медициналық және ұйымдастырушылық технологияларын жетілдіру» тақырыбындағы Тажибаева Карлыгаш Нартбаевнаның докторлық диссертациялық жұмысына пікір ұсынылады. Комитетінің ұсынған баптарға сәйкес баяндауға рұқсат етіңіздер.

### **Бірінші бап: Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен өзара сабактастығы**

Казіргі таңда Дүниежүзілік қатерлі ісік ауруына қарсы ұйым қатерлі ісікті алдын алуға бағытталған іс-шараларды жетілдіру туралы бағдарламаларға аса көніл бөлуде.

Бұл Қазақстан Республикасына да тән жағдай. Осындай маңызды мәселелерді Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей инфекциялық емес аурулар маңызды медициналық-әлеуметтік мәселесінің бірі болып табылады.

Докторантпен қатерлі ісік түзілістерін ерте диагностикалау жалпы тәжірибелі дәрігерлердің онкологиялық сақтығы мен олардың біліміне, науқасты ары қарай емдеу тактикасына байланысты. 2012 жылы қатерлі ісікті зерттеу бойынша Еуропалық Комиссияның (European guidelines for quality assurance in mammography screening) онкологиялық скринингті жүргізуде жалпы тәжірибелі дәрігердің, гинеколог және хирург дәрігерлерінің ролі жогары бағаланғанын әдеби шолуда көрсетілген. Осыған байланысты халық пен жалпы тәжірибелі дәрігерлердің арасында профилактикалық іс-шаралар қарқынды жүргү қажет. Ал бұл халықты диспансерлік есепке алын, әртүрлі патологияны болжау кезінде пациенттердің уақытылы келуін, халықты кешенді тексеруге баруын, қатерлі ісік түзілістерін уақытылы диагностикалауы мен емдеу нәтижелерін жақсартады.

Онкологиялық ауруларды уақытылы анықтау үшін әсіресе еңбекке жарамды тұрғындар арасында, онкологиялық көмекті ұйымдастыруды жақсарту, жаңа тәсілдерін әзірлеу мен оны жүзеге асыру сапалы ем көрсету, заманауи диспансерлік бақылау қажеттілігі туындауда. Осы мәселелер диссертациялық жұмыстың өзектілігін анықтаган.

Сондықтан К.Н. Тажибаеваның «Шымкент қаласында еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруын ерте анықтаудың медициналық және ұйымдастырушылық технологияларын жетілдіру» атты диссертациялық жұмысы жаңа және өзектілігі бар ғылыми еңбек болып табылады.

### **Екінші бап: Диссертацияға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми нәтижелер**

Диссертациялық жұмыс мазмұны кіріспеден, негізгі тараулардан, қорытындылар мен тұжырымдардан және қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс жазылу барысында ішкі біртұастығын сақтаған.

Зергтеудің негізгі бөлімдерінде берілген нәтижелері бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында онкологиялық патологиялардан болған аурушаңдықпен өлім көрсеткіші еңбекке қабілетті тұрғындар арасында жылдан жылға өсім беретіні докторантпен анықтаған.

Онкология саласынан көрсетілген көмек сапасына науқастардың 14–18 % қанағаттанбайтындығын көрсетілген, қанағаттанбау факторларына дәрігерге қаралудың қыындығы мен дәрігер бөлмесінің алдында ұзак уақыт күту жатқызылған.

Сонымен қатар Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында біріншілік медициналық-ағартушылық көмек көрсетуші дәрігерлерге жүргізілген сауалнама қорытындысында қатерлі ісік ауруларын ерте кезеңде анықтауда кездесетін кемшіліктерді атап көрсеткен.

Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген мәселелермен кемшіліктерді алдына алу мақсатында, қатерлі ісік ауруын ерте анықтау ушін құрастырылған алгоритммен оқу құралын тәжірибеле енгізуге ұсынылған. Енгізу актілері бар.

Тажибаева · Карлығаш Нартбаеваның диссертациясының құрылымы ғылыми нәтижелері логикалық тұрғыда дұрыс негізделген, алынған қорытындылары айқын ішкі біртұастық бар екендігін көрсетеді.

**Үнінші бап: Диссертацияда қалыптастырылған нәтижелер мен қорытындылардың дәлелділік және деректілік деңгейі**

Докторант К.Н. Тажибаеваның «Шымкент қаласында еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруын ерте анықтаудың медициналық және ұйымдастырушылық технологияларын жетілдіру» диссертациясында барлық қорғауға ұсынылған ғылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, қорытындылары, тәжірибелік ұсыныстары ғылыми тұрғыда негізделген. Бұл зерттеушінің ауқымды материалдармен жұмыс жасағанын көрсетеді.

Автормен кездейсок бақылаудың зерттеу нәтижесін таңдау үшін регрессиялық тәсіл қолданылған. Статистикалық маңыздылық Хи-квадрат көмегімен анықталған. Түзетілмеген және түзетілген коэффиценттің маңыздылығы мен олардың сенім интервалы (СИ) көрсетілген.

Диссертацияда қалыптастырылған нәтижелер мен қорытындылардың дәлелділік және деректілік деңгейі жоғары және оған күмән келтірмейді.

**Тортінші бап: Ізденушінің әрбір ғылыми нәтижелерінің, тұжырымдамаларымен қорытындыларының жаңалық дәрежесі**

Диссертациялық еңбектің нәтижелерінің, тұжырымдамаларымен қорытындыларының жаңалық дәрежесі алғаш рет анықталған. Еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруын ерте сатысында анықтаудың технологиясы құрастырылған. Сонымен қатар алғаш рет онкоскринингтік алдын алу «іс-шараларының жүруі барысында туындалып

жатқан негізгі мәселелері көрсетілген. Қатерлі ісік және қатерлі ісік алды ауруларын ерте анықтау үшін алгоритм түзіліп тәжірбиеге енгізілген.

Диссертацияда тұжырымдалған жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындылардың жаңалық деңгейі жоғары деуге нақты негіз бар.

### **Бесінші бап: Нәтижелердің ішкі өзара біртұтастығын бағалау.**

Зерттеу бағдарламасы ғылыми тұрғыда дұрыс құрастырылған. Респонденттердің іріктеуден өтуі, жүргізілген зерттеу әдістері, нәтижелерді сараптау барысында алынған негізгі қорытындылар арасында өзара біртұтастық бар. Барлық алынған нәтижелер мен қорытындылар диссертациялық жұмыстың толық құрылымын көрсетіп отыр.

### **Алтыншы бап: Алынған нәтижелердің өзекті мәселені шешуге бағыттылығы**

К.Н Тажибаеваның диссертациялық жұмысы қазіргі таңдағы заманауи медицина саласында тәжірибелік маңыздылығы тарапынан аса өзекті мәселелердің бірі болып табылатыны анық. Алынған ғылыми нәтижелерін деңсаулық сақтау саласында қолданылуы қатерлі ісік ауруларын ерте анықтауға, 5 жылдық өміршендікті жоғарылатуға жол ашады. Жасалынған ғылыми жұмыстың деңсаулық сақтау саласына қажеттілігі мен пайдалылығы бар екені жұмыста айқындалып тұр.

### **Жетінші бап: Диссертациялық еңбектің бекітілген, қол жеткізілген нәтижелері мен қорытындылары**

Докторантпен комитет ұсынылған басылымдарда жарық көрген 17 еңбегі диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелерін айқындайды. Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық басылымдарда – 2 макала жарияланған, КР Білім және Ғылым Министрлігінің Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 7 макала жарияланған, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 7 макала мен тезистер басылған. Ғылыми жұмыстың нәтижесі бойынша 1 оқу қуралы әзірленіп, мемлекеттік тілде жарық көрген.

### **Сегізінші бап: Диссертацияның мазмұны мен безендірілуі бойынша кемшіліктері**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен рәсімделуі талапқа сай орындалған. Диссертациялық жұмыстың мазмұнында келесі кемшіліктер орын алды және ұсыныстар берілді.

1. Әдебиеттік шолу дәстүрлі бағыт бойынша жазылған, мүмкіншілігінше мета-анализ түрінде жазуға болар еді.

2. Қатерлі ісік алды ауруларға және қатерлі ісікке әсер ететін негізгі факторлармен тәуекел топтарды арнайы бөліп көрсету дұрыстау болар еді дең ойлаймын.

3. Қатерлі ісікті ерте анықтау барысында медициналық дәрігерлер тарапынан кездесетін кедергілерді жою мақсатында атқарылатын іс-шаралар туралы алгоритмде «Дәрігерлердің топтық жұмыс атқаруы» туралы I-кезеңін атаяуын толықтыру қажет, мысалға: емхана дәрігерлері мен аурухана аралық

немесе онкологиялық диспансер дәрігерлері арасындағы топтық жұмысы деп толықтыруды ұсынамын.

Бұл ескертпелер диссертация мазмұнына, маңыздылығына әсер етпейді.

### **Тоғызынышы бап: Қорытынды**

Сонымен Тажибаева Карлыгаш Нартбаевнаның «Шымкент қаласында еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруын ерте анықтаудың медициналық және ұйымдастырушылық технологияларын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық еңбегі автордың озімен толық жазылған. Ғылыми жұмыстың өзектілігі, ғылыми жақалығы, тәжірибелі маңыздылығы, алынған нәтижелері талапқа сай орындалған. Докторант Тажибаева Карлыгаш Нартбаевна 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сактау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Назар салып тындағандарыңызға рахмет!

**Төрағалық етуші: Карлыгаш Нартбаевна,** Сізге ресми рецензентке жауап беру үшін сөз беріледі.

**Ізденуші - Тажибаева К.Н.:** Құрметті Закира Амировна, диссертациялық жұмысыма терең талдау жүргізіп, пікір білдіріп, айтылған ескертулеріңіз үшін рахмет! Жауап беруге рұқсат етіңіз. Біргінші сұрағыңыз әдебиеттік шолу барысында біз традиционный метод дейміз (дәстүрлі) сол бағытта жазғанымыз рас, бірақ біз мета-анализ тұрғыда жазылса біздің диссертациялық жұмысымыз өте ауқымды, көлемді болуына байланысты біз әдебиеттік шолуды дәстүрлі бағытта жазуды ұйгардық. Ал бірақ біз мета-анализ жүйесінде екі жазған мақаламыз бар. Ал екінші және үшінші берген ұсыныстарыңызды біз қабылдаймыз, ұсынысыңызға рахмет!

**Төрағалық етуші:** Құрметті, Закира Амировна Сіз ізденушінің сұрағына қанагаттандыңыз ба?

**Ресми рецензент м.ғ.д., профессор, Закира Амировна.** Ия қанагаттандым, рахмет!

**Төрағалық етуші:** Сөз екінші ресми рецензентке – м.ғ.к., (14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулық сактау»), «Шымкент обаға қарсы күрес станция» басшысы Рәтбек Сайлаубекұлына беріледі.

### **Медицина ғылымдарының кандидаты Рәтбек Сайлаубекұлы..:**

Аса құрметті диссертация кеңесінің төрайымы және диссертация кеңесінің мүшелері, бүгінгі талқылап отырған докторантамыз Тажибаева Карлыгаш Нартбаевнаның «Шымкент қаласында еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруын ерте анықтаудың медициналық және ұйымдастырушылық технологияларын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациясын талқылап отырмыз. Берген ұсыныстарым, бірінші бап бойынша зерттеу тақырыбының өзектілігі Қатерлі ісік ауруларын әлеуметтік-маңызды аурулар тобына жатқызылуға әбден

болады, себебі онкологиялық диагноз анықталған кезінен бастап Қазақстан Республикасында әрбір үшінші науқас кайтыс болуда. Онкологиялық ауруларга жиі ұшырайтын тұрғындардың басым бөлігі еңбекке қабілетті тұрғындар, соның ішінде жасы 18-жастан 63 жасқа дейінгі адамдар, бұл маңызды медициналық-әлеуметтік мәселе болып табылатынын білдіреді.

**Кеңес мүшелері:** Ұсыныс - диссертацияның мазмұны мен безендірілуі бойынша кемшіліктері және қорытындыға тоқталса деген ұсынысымыз бар.

**Төрағалық етуші:** Құрметті Рәтбек Сайлаубекұлы диссертацияға берілген пікірдің кемшіліктері мен қорытындысына тоқталуға рұқсат.

### **Диссертацияның мазмұны мен безендірілуі бойынша кемшіліктері**

Диссертацияның мазмұны мен безендірілуі талаптарға сай орындалған. Диссертациялық жұмыстың орындалуына байланысты келесі ұсыныстар берілді.

1. Қатерлі ісік ауруларды ерте анықтау барысында кездесетін кедергілермен туындалып жатқан мәселелерді екі бағытта жіктеп әдістемелік нұсқау ретінде шығаруыңызды ұсынамыз.

А) Бірінші бағыт науқастар тарапынан туындалып жатқан мәселелер

Б) Екінші бағыт жалпы медициналық қызметкерлер мен көмек көрсетуіні үйімның тарапынан кездесетін кедергілер.

2. Қазіргі таңда қатерлі ісік ауруларының себебі ретінде вирусты қоздыргыштарға аса мән берілуде, осыған байланысты қатерлі ісік ауруларды ерте анықтаудағы жеке іс шараларын көрсетуді ұсынамыз.

Алайда, корсетілген ұсыныстар диссертация тұжырымдарының тұрақтылығы мен гылыми сипатына әсер етпейді, ол көбінесе пікір-таластық сипатқа ие.

Қорытындылай айтқанда докторант К.Н. Тажибаева «Шымкент қаласында еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруын ерте анықтаудың медициналық және үйімдастырушылық технологияларын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында алға қойған мақсаты, міндеттері, гылыми жаңалығы, тәжірибелік маңыздылығы, негізгі ұсынылған тұжырымдары, қорытындылары, берілген ұсыныстары бойынша диссертациялық жұмысқа койылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді және толық аяқталған гылыми еңбек болып саналады.

Диссертациялық жұмыстың авторы Тажибаева Карлыгаш Нартбаевнага 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

**Төрағалық етуші:** Рахмет, Рәтбек Сайлаубекұлы. Карлыгаш Нартбаевна, Сізге ресми рецензентке жауап беру үшін сөз беріледі.

**Ізденуші - Тажибаева К.Н.:** Құрметті Рәтбек Сайлаубекұлы, диссертациялық жұмысыма терең талдау жүргізіп, пікір білдіріп, айтылған ескертулеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Бірінші сұрақ емес, ұсыныс

берілді, ол әсер етуші факторларды жеке-жеке қараптыру, жәнеде қатерлі ісік ауруларды ерте анықтау барысында кездесетін кедергілермен туындалып жатқан мәселелерді екі бағытта жіктеп әдістемелік нұсқау ретінде шыгаруды ұсындыңыз.

Екінші ұсынысыңыз қазіргі таңда қатерлі ісік ауруларының себебі ретінде вирусты қоздырғыштарға аса мән берілуде, осыған байланысты қатерлі ісік ауруларды ерте анықтаудағы жеке іс шараларын көрсетуді ұсындыңыз. Берген ұсыныстарыңызды қабылдаймыз, рахмет!

**Төрағалық етуші: Рәтбек Сайлаубекұлы.:** Ізденушінің сұрағына қанағаттандыңыз ба?

**Медицина ғылымдарының кандидаты Рәтбек Сайлаубекұлы.:** Ия, қанағаттандым, рахмет!

**Төрағалық етуші:** Сөз ғылыми кеңесші, медицина ғылымдарының докторы, профессор (14.00.33 – Қоғамдық денсаулық және денсаулық сактау), Булешов Мырзатай Абильдаевичке өз пікірін баяндау үшін беріледі

**Медицина ғылымдарының докторы, профессор Булешов М.А.**

Аса құрметті кеңес төрайымы диссертациялық кеңестің мүшелері Сіздердің бүгінгі диссертациялық кеңеске белсенді араласып отыргандарыңызға рахметімді білдіремін!

Карлыгаш Нартбаевна туралы айтатын болсақ, қыска сипаттама беруім керек. Бастапқыда докторантурага түскен кезде, біз тақырыпты былай таңдадық. Бұл Карлыгаш Нартбаевна сол кезде онкологиялық диспансерді жұмыс істегеніне байланысты осы бағытқа сай тақырыпты таңдадық. Бірден осы саладағы кемшіліктерге көніл бөлдік. Мен біріншіден докторантқа талан қойғанда, осы жүйеде қандай кемшіліктер бар және қандай ғылыми зерттеулер жүргізу керек деген талап қойдым. Осы докторантурада жұмыс істеген уақытымда, бұл докторанттың еңбеккорлығына мен риза болдым. Себебі барлық тапсырған жұмыстың барлығын тиянақты орындал тамаша қорытындыға келгеніне көзім жетті. Осыған байланысты жұмыстың нәтижелері бойынша жақсы окулық құралын шыгаруды жеткіздім, оныда жүзеге асырды. Соған қарағанда шындығында бұл еңбектің тәжірибелік құндылығы өте жоғары болды деп есептеймін. Ал енді бұл еңбектің осынша құндылықты болуына осы докторанттың еңбек қорлығы әсер етті. Сондықтан мен бұл докторантқа ризамын.

Докторанттың өзімен орындалған, толық аяқталған, диссертациялық еңбекті диссертант Тажибаева К.Н. 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сактау» мамандығы бойынша орындаған еңбегінің құндылығы өте жоғары, сондықтан осы жұмысты қолдауларыңызды сұраймын. Себебі, шындығында Республикалық тұрғыда министрліктен қолдау алғып осындей оқулық шығарғаны аса үлкен тәжірибелік ендірілу болып табылады. Докторанттың берген жауаптары өте нақты, білікті. Шығарылған ұсыныстардың өзі бүкіл

Республикаға кажетті ұсыныстардан тұрады. Өз пікірімді білдіре отырып докторанттымыңың енбегін қолдаулатыңызды сұраймын. Тындағандарыңыз үшін сіздерге рахмет!

**Торағалық етуші:** Осылайша, пікір он шешімді, рахмет!

**Торағалық етуші:** Сөз шетелдік ғылыми кеңесші MD, PhD, профессор, Гржибовский Андри Мечиславовичке пікірін баяндау үшін беріледі.

Шетелдік кеңесшінің болмауына байланысты, пікірді диссертациялық кеңестің ғылым хатшысы К.С. Бабаева оқиды.

**Медицина ғылымдарының** MD, PhD, профессор, Гржибовский Андри Мечиславовичтің пікірі баяндалды (*Пікір тіркелген*).

**Торағалық етуші:** Осылайша, пікір он шешімді, рахмет!

**Торағалық етуші:** Ғылыми кеңесшілерге сұраптарыңыз бар ма? Сұрактар жоқ. Баяндалған пікірлерге байланысты қандай ұсыныстарыңыз болады? Барлық пікірлерді ізденушінің жеке іс құжаттарына тіркеу туралы ұсыныс түсті. Ұсыныс қабылданды. Докторанттың диссертациялық жұмысын талқылауга өтеміз.

Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, диссертациялық кеңестің отырысына қатысуышылар, ресми емес рецензент ретінде сөз сөйлегісі келіп отырғандар бар ма?

**Торағалық етуші:** Сөз профессор, медицина ғылымдарының докторы Бектурганов Рамазан Сейдахметовичке беріледі.

**Бектурганов Р.С.:** Құрметті диссертациялық кеңестің төрайымы, құрметті мүшелер, сіздерді 2017-2018 оқу жылымен құтықтауға рұқсат етініздер.

Ең алғашқы жылдың барысында екінші айында біздің диссертациялық кеңес ауқымды, өз кезегінде өтіп жатыр деп ойлаймын. Онкологиялық қызметті өз дәрежесінде көтеруге арналған бүгінгі жұмысты біз талқыладап отырмыз. Сіздерге белгілі Қазақстан Республикасының ата заңында біздің байлығымыз ол халқымыз екендігі айқындалап көрсетілген. Осы мәтінге байланысты ҚР денсаулық сақтау жүйесінде «Денсаулық» атты бағдарламасы бар, сол бағдарламада біз амбулаториялық көмекке тұргындардың 80% бағытталынуы керек – деп көрсетілген. Осы бағытта бүгінгі диссертанттың жұмысы осы бағытқа арналған деп айтуда болады. Алғашқы медициналық көмек көрсету мекемелерінде онкологиялық ауруларды анықтау мақсатында сіздер бүгін таныс болып отырған оқу құралы даярланған, онда осы аурулардың алдын алу технологиялары дайындалған. Бұл технологиялары ашып көрсетілген компьютерлік медициналық ақпараттық жүйесі туралы өте жақсы модель құрастырылған, осы модельды (алгоритм) біз казыр іс-тәжірибеге қолданып жатқан жағдайымыз бар. Егерде бастапқыда айтылған қағаз құжаттарға, соны

толтыруға қазіргі таңда дәрігерлердің көп уақыты кететін жағдайды біз осы ақпараттық технология арқылы оның берін қысқартуға мүмкіншілік туып отыр.

Тағыда айта кететін жағдай сауланама барысында зерттеуде анықталғандай көптеген онкоскринингтің пайдасы туралы да айтЫЛДЫ. Жалпы халық қазір өз денсаулығына дұрыс қарайтынын біз байқап отырмыз, баяғы Социолизм дәүірінде, Кенес одағы дәүірінде халқымыздың денсаулығы әр адамның денсаулығы үкіметке керек есебіндегі сондай түсінік пайда болған, ал қазіргі таңда әр тұрғынның денсаулығы өзіне керек екендігін түсініп, халық қазіргі таңда алғашқы медициналық көмекке жүгініп осы онкологиялық ауруларды алдын алу барысы осы сауланамада анықталынып отыр.

Енді қысқаша қорыта айтқанда Тажибаева Карлығаш Нартбаевнаның «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша атқарылған жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық негіз бар деп айтуда рұқсат етініздер. Диссертациялық жұмысты қолдауларынызды сұраймын. Раҳмет!

**Торағалық етуші:** Раҳмет, Рамазан Сейдахметович! Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, сөз сөйлейтіндер бар ма?

**Торағалық етуші:** Сөз профессор, медицина ғылымдарының докторы Ташев Ибрагим Ақжоловичке беріледі.

**Ташев И.А.** Аса құрметті диссертация кеңесінің төрайымы және диссертация кеңес мүшелері. Құрметті диссидентант, диссидентанттың туған туысқандары, бауырлары. Бұғынгі керемет жұмыстың жарық көруінің күәгері болып отырмыз. Жұмыс маған өте ұнады. Осы уақытқа дейін көптеген шешілмеген мәселелерге тиянақты ұсыныстар беріліп отыр. Әсіресе тәжірибелік медицинаға байланысты көптеген сұрақ қойылды, осы сұрақтар бізге әр апта сайын біздің Облыстық денсаулық сақтау департаментінің жиналысында қойылатын сұрақтар. Осы автордың ұсынып отырған ұсыныстары іске асатын болса, біздің осы онкологиялық аурулардың ерте диагностикасы, онкологиялық аурулардың 5 жылдық өмір сұру көрсеткішінің көтерілуі сияқты индикаторлардың сапасыда көтеріледі деп сенемін. Ал авторга біріншіден зор денсаулық тілеймін, әрі қарай ғылыми шығармашылық табыс тілеймін. Әр уақытта осы бағыттан таймай өзімідің халқымызға елімізге қызмет етіп халқымыздың денсаулығын сақтауда өз үлесін қосуып қатарымызда жүре берсін. Тындағандарынызға раҳмет!

**Торағалық етуші:** Раҳмет, Ибрагим Ақжолович. Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, сөз сөйлейтіндер бар ма?

**Торағалық етуші:** Сөз медицина ғылымдарының докторы Жақсыбергенов Абай Маратовичке беріледі.

**Жақсыбергенов А.М.** Құрметті диссертация кеңесінің төрайымы және диссертация кеңесінің мүшелері бұғынгі баяндалған тақырыптың мазмұнын менің әріптестерім жақсы ашып берді. Сондықтан сіздердің уақыттарынызды

көп алмайын. Қазіргі таңда онкологиялық аурулар гасыр індегі деңгээлдең айтының отырмызы, сол гасыр індегіне бірден бір көмектесетін сіздер мен біздер. Оған көмектесетін мынау Қарлығаш Нартбаевна сияқты ізденушілер. Сондықтан бұл диссертациялық жұмыстың өзектілігі өте жоғары, заманауи талаптарға сай орындалған. Біздің заманымыз қазір бізге талап қойып жатыр. Денсаулық сақтау бағдарламасында, ҚР конституциясында Рамазан Сейдахметович тоқталып өткендегі, біздің байлығымыз ол біздің халқымыздың денсаулығы. Сондықтан халық денсаулығын нығайтуда бастапқы көрсеткіштің бірі өзіміздің дүрыс атқара білу жұмыстарымыз. Сондықтан онкология жүйесінде туындалып жатқан мәселелердің табылған шешімі іске асырылып, онкологиялық аурулардың профилактикалық шаралары практикалық жүйеде іске асады деңгээлдең ойлаймын. Сондықтан аман болыңыздар, барлықтарыңызды көргеніме куаныштымын.

**Торағалық етуші:** Раҳмет, Абай Маратович. Құрметті диссертациялық  
кеңестің мүшелері, сөз сөйлейтіндер бар ма?

## Кеңес мүшелері: Жоқ.

**Торагалық етуші:** Қарлығаш Нартбаевна, Сізге қорытынды сөз беріледі.

Мен бірінші өзімнің осы ғылыми жұмысыма оң шілдемін берген екі рецензентім - медицина ғылымдарының докторы, профессор Керимбаева Закира Амировнамен медицина ғылымдарының кандидаты, Рәтбек Сайлаубекұлына алғысымды білдіремін. Сонымен қатар диссертациялық жұмысымды қорғауға мүмкіндік берген диссертация кеңесінің төрайымы мен диссертация кеңес мүшелеріне алғысымды білдірем. Екіншіден менің жетекшілерім - медицина ғылымдарының докторы, профессор Булеев Мырзатай Абильдаевичке, медицина ғылымдарының докторы, профессор Молдалиев Икилас Сүйіндыковичке, MD, PhD, профессор, Гржибовский Андрей Мечиславовичке үш жыл бойы осы жұмыс орындалу барысында маған дұрыс жол көрсеткен, дұрыс бағыт бағдар берген жетекшілеріме үлкен алғысымды білдіремін. Осы жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік берген К.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің басшысына және кафедра ұжымына үлкен алғысымды білдіремін. Сонымен қатар маған қолдау көрсеткен тұған туысқандарыма алғысымды білдіремін, рахмет!

**Торағалық етуші:** Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, диссертациялық жұмысты талқылау аяқталды. Тажибаева Нартбаевнаның диссертациялық жұмысына қупия дауыс беру үшін есеп комиссиясын сайлауга ұсныс түсті.

Диссертациялық жұмысқа құпия дауыс беру үшін есеп комиссиясына  
ұсынылған

1. Курманова Гаухар Медеубаевна
2. Бектурганов Рамазан Сейдахметович
3. Тащев Ибрагим Ақжолович

**Төрағалық етуші:** Осы есеп комиссиясының құрамының бекітілуіне дауыс берулерінде сұраймын.

Осы ұсынысты кім қолдайды? 8 – қолдайды.

Кім қарсы? Жоқ.

Қалыс қалғандар? Жоқ.

Есеп комиссиясының құрамының бекітілуі бір ауыздан келісілді.

Есеп комиссиясы жұмысқа кіресті. Құпия дауыс беру үшін үзіліс жарияланды (5 минут)

## Ұзіліс

### Ұзілістен кейін

**Төрағалық етуші:** Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, диссертациялық кеңестің жұмысын ары қарай жалғастырамыз. Құпия дауыс беру нәтижесін жариялау үшін соз есеп комиссиясының төрағасы – медицинағылымдарының докторы, профессор Р.С. Бектургановқа беріледі.

**Есеп комиссиясының төрағасы - медицинағылымдарының докторы, профессор Бектурганов Р.С.:**

Құрметті төрайым! Құрметті диссертациялық кеңестің мүшелері! 21 қазан 2017 жылғы Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ жанындағы 6D110200 қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің есеп комиссиясының отырысының №3 хаттамасы. Тажибаева Карлыгаш Нартбаевнаның «Шымкент қаласында еңбек ету жасындағы тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруын ерте анықтаудың медициналық және ұйымдастырушылық технологияларын жетілдіру» атты философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған докторлық диссертациялық жұмысына жасырын дауыс беруді қорытындылауда есеп комиссиясы сайланды.

Диссертациялық кеңестің құрамы 9 мүшеден тұрады, диссертациялық кеңес отырысына қатысқан адамдардың саны – 8, таратылған бюллетень саны – 8, таратылмаған бюллетень саны – 1, жәшікке салынған бюллетень саны – 8.

Тажибаева Карлыгаш Нартбаевнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беру мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары: «қолдағандар» - 8, «қарсы» - жоқ, таратылмаған бюллетень саны – 1, жарамсыз бюллетеньдер - жоқ.

**Төрағалық етуші:** Рахмет, Рамазан Сейдахметович! Диссертациялық кеңес мүшелері, есеп комиссиясына сұраптартыңыз бар ма?

**Кеңес мүшелері:** Сұраптар жоқ.

**Төрағалық етуші:** Егер сұрақтарыңыз болмаса, есеп комиссиясының хаттамасын бекітуге дауыс берулерінізді сұраймын.

Осы ұсынысты кім қолдайды? Қарсы? Жок. Қалыс қалғандар? Жоқ.

Күрметті ізденуші Тажибаева Карлыгаш Нартбаевна, Сізді сәтті корғауызызбен құттықтаймыз!

**Төрағалық етуші:** Біздін Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті алдында Сізге философия докторы (PhD) дәрежесін берілуіне ұсыныс береді. Үлкен раҳмет!

**Төрағалық етуші:** Диссертациялық кеңестің атқарылған жұмысына ескертулер бар ма? Ескертулер жоқ.

Күрметті диссертациялық кеңестің мүшелері, күрметті рецензентер, әріптер, конактар! Жұмыска белсенді қатыскандарыңыз үшін раҳмет. Диссертациялық кеңестің осы отырысын жабық деп жариялауға рұқсат етініздер.

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жаңындағы 6D110200 – «Қоғамдық деңсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің төрағасының міндетін атқарушы медицина ғылымдарының докторы, профессор**

Г.К. Каусова



**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жаңындағы 6D110200 – «Қоғамдық деңсаулық сақтау» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.**

К.С. Бабаева

21 қазан 2017ж.